

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақтөбе облысы Бұрғыз ауданы Аманкөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 мамырдағы № 16 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 мамырда № 5491 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бұрғыз ауданы Аманкөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 шілдедегі № 21 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Бұрғыз ауданы Аманкөл ауылдық округі әкімінің 04.07.2017 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Бұрғыз аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 16-07/93 ұсынысы негізінде Аманкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аманкөл ауылдық округінің Құтикөл ауылында ірі қара малдарының арасынан пастереллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аманкөл ауылдық округінің әкімі:*

*А.БАЙМҰХАНОВ*